

4 тақырып. Абайдың сөз өрнегі.

Абай және қазақтың жазба әдеби тілі. Абайдағы сөзжасам. Абайдың фразеологизмі. Абай өлеңдеріндегі сөздердің орын тәртібі. Сөз құбылту, сөз ойнату тәсілдері. Абай шығармаларының тілін арнайы зерттеудегі Қ.Жұмалиев еңбегі. Абай поэзиясының тілі М.Әуезов, С.Мұқанов, З.Ахметов, З.Қабдолов, Қ.Өмірәлиев, т.б. ғалымдар зерттеуінде. Абайдың тіл кестесін ғылыми негізде зерттеудің озық үлгісін жасаған ғалым Р.Сыздықованың еңбегі.

Қ. Жұмалиев Абай сөздіктерінің әртүрлі салалары: ана тілі, араб, парсы, орыс тілі деп бөледі. Ол тілдердің байлығын қандай әдіс, тәсілге жүгіндіріп, өлең сөзін жасады дегенде, Қ.Жұмалиев Абайдың сөз қолданыстағы ақындық сырын қапысыз танытады.

Абай өлеңде сөзді тура мағынасында да қолданады. Абай халықтың мақал-мәтелдерін сол қалпында, ішінара өзгертіп те көп пайдаланады. Абай сөздің ауыспалы мағынасын жасауда шексіз шығармашылық алым көрсетті. Абай шет тіл сөздерін ұқсатудың үздік үрдісін қалыптастырды.

Абай тілін зерттеушілер Абай өлеңдеріндегі өзінің тура мағынасында қолданылатын сөздер мен ауыспалы мағыналы сөздерді жан-жақты қарастырды.

Абай өлеңдерінде көп сөзділіктің жоқтығын, аз сөзбен көп мағына беру тәсілін әріде А. Байтұрсынұлы атап айтты. Кейінде Абай поэзиясының бұл сипаты кең қарастырылды. Абайдың ақындық стилін айқындап тұрған өзгешелігі екендігі есебінде жан-жақты зерттеу нысаны болды.

Жалпы, қазақ тілінің сөз байлығы XIX ғасырдағы қазақтың жаңа жазба әдебиеті, әдеби тіл мәселесін ғана емес, сол аянда кең өрісті Абай поэзиясының сөз өрнегін ұзақ жылдар бойы зерттеп келе жатқан қазақтың үлкен ғылыми Рәбиға Сыздықованың Абайдың жазба тілге қатысын, Абай поэзиясының тіл жөнін қисындауы аса ғылыми, аса негізді, аса өлшемсіз таным, тап басқан танығыштық өнегесі болып отыр. Абайтанудың бір тиянақала түскен арнасы да осы Абайдың тіл өрнегі, сөз кестесіне қатысты баянды, байыпты зерттеу, зерделеулермен толыққан.